

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығының PhD докторанты
Ермаханова Жанар Акбаровнаға**

МІНЕЗДЕМЕ

Ермаханова Жанар Акбаровна 2003 жылы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Медицина факультетінде «Емдеу ісі» мамандығын Үздік дипломмен бітірген. 2003-2004 жылдары Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Медицина факультетінде интернатураны «Терапия» саласы бойынша жетілдірді.

Еңбек өтілін 2004-2007 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде «Адам морфологиясы» кафедрасында оқытушы қызметімен бастаған. 2007-2008 жылдар аралығында Алматы қаласы, С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің «Клиникаға кіріспе» кафедрасында оқытушы қызметін атқарған. 2008-2011 жылдар аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде «Терапия» кафедрасында оқытушы болып жұмыс жасаған. 2011-2015 жылдар аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығында кардиолог-дәрігер қызметін атқарды. 2018 жылдан осы аталған емдеу мекемесінің Қабылдау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруда, сонымен бірге, 2019 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінің «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасында қосымша магистр - оқытушы қызметін атқарады.

27.09.2006-21.10.2006жж «Терапия» мамандығы бойынша Алматы қаласы Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілікті жетілдіру институтында «Терапияның таңдаулы сұрақтары» 144 сағат біліктілігін арттырған.

05.04.2007-06.06.2007жж «Кардиология» мамандығы бойынша Алматы қаласында Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтында 312 сағат біліктілігін арттырған.

15.09.2009-28.12.2010жж Түркия Мемлекеті, Анкара қаласы, Хажеттепе университетінің Кардиология бөлімінде «Кардиология» мамандығы бойынша 1 жылдық тәжірибелік оқу мерзімі бағдарламасымен біліктілігін арттырған.

01.09.2011-01.07.2013жж Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде 6M110100 «Медицина» мамандығы бойынша ғылыми – педагогикалық бағытта магистратураны оқыды.

Ермаханова Ж.А. 2015 жылы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD-докторантураға түсіп, «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» атты диссертациялық жұмысын 2018 жылы толық орындап бітірді. Докторант өзінің ғылыми жұмысының нәтижелерін бірнеше рет отандық және шетелдік Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жариялады.

Ермаханова Ж.А. ғылыми жұмысты орындауда біліктілік, мақсатқа талпынушылық, ізденімпаздық байқатты. Мінезі ашық, еңбекке қабілетті, біліктілігі жоғары. Өз жұмысына ынталы, ұйымдастырушылық қабілеті басым, сонымен бірге, емдеу мекемелеріндегі әріптестері арасында сыйлы және студенттері мен науқастарының зор ықыласына бөленген. Ермаханова Жанар Акбаровна келешекте білікті маман әрі ғалым болады деген сенім білдіремін.

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
Медицина факультетінің деканы,
м.ғ.д., профессор:**



Ы.Молдалиев